

## Мүгедектер үшін жұмыс орны квотасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 46 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 ақпанда № 9-14-166 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 747 қаулысымен

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 22.12.2015 № 747 қаулысымен (оған қол қойылғаннан кейін күшіне енеді).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-2) тармақшасына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қостанай ауданы жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орнының квотасы белгіленсін.
2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес мүгедектердің жұмысқа орналасуларына жәрдемдесу жөнінде шаралар қолдансын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **С. К ө л б е к о в к е** жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Ахметжанов*